



*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда  
мемлекеттік университеті*

*“Экономика және ақпараттық  
технологиялар” факультеті*

*“Есеп және аудит” мамандығының  
студенттері*

# КОМАНДА «АУДИТ»

Кіріс, шығыс есептеп,  
Сандары сөйлер кесектеп.  
Есепші деген мамандық,  
Сандарды жүрер жетектеп.  
Дебет, кредит құлағында ойнаған  
Ел ауқатын көтеріп,  
Ерлікті істер ететін  
Жас болашақ маман «Аудит» тобы

# ТОП ЭМБЛЕМАСЫ



**Ғылыми жұмысының тақырыбы:**

**“Күріш өндірісі шығындарының  
есебін жетілдіру”**

**Ғылыми жетекші: Ахметова Айгуль Асамуратовна**



# МАЗМҰНЫ

## КІРІСПЕ

Нарықтық экономика жағдайындағы күріш өндірісінің дамуы және оның есебін ұйымдастыру ерекшеліктері

1.1 Күріш өндірісінің технологиялық ерекшеліктері мен өнім өндірісінің есебі

1.2 Күріш шаруашылығының халықаралық тәжірибесі

1.3 “Ақжарма-Жер” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде күріш өндірісі шығындарын төмендету шаралары

## ҚОРЫТЫНДЫ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ



# КІРІСПЕ

- **Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Еліміз тәуелсіз мемлекет ретінде әлем елдеріне кеңінен танылған уақыттан кейін, оның дамуын жан-жақты әрі терең зерттеудің маңыздылығы ерекше артып отыр. Әсіресе, ел экономикасының қарыштап дамуындағы негізгі салалардың бірі болып табылатын аграрлық саланың өзгерістерін зерделеуге баса назар аударылуда. Себебі жаңа қоғамға бет алған кезеңде еліміздің ауыл шаруашылығында, әсіресе оны басқару мен ұйымдастыру жүйесінде көптеген қайта құрулар мен өзгерістердің болуы заңдылық болып табылады. Айта кететін нәрсе, бұл істе жетістіктер де, қиыншылықтар мен кемшіліктер де болмай қалған жоқ. Міне, осы үрдісті жан-жақты талдау, зерттеу, зерделеу бүгінгі күннің өзекті талабына айналды.
- Қазақстан Республикасында жүріп жатқан түбегейлі саяси және әлеуметтік – экономикалық қайта құрулар есеп жүйесіне күрделі өзгерістер енгізіп, бұрынғы кеңестік кезеңдегі орталық басқару мен қатаң жоспарлау жағдайларында қалыптасқан бухгалтерлік есеп бүгінгі нарықтық экономикаға сәйкес келмеуге айналды. Осыған орай, нарықтық экономикаға ену – бір жағынан аграрлық және азық – түлік саясатының тұжырымдамасын талдауды, екінші жағынан ауыл шаруашылығы ерекшеліктеріне қарай, оның материалдың – өндірістік ресурстарына негізделетін салада жан – жақты зерттеу негіздерін талап етеді.
- Көптеген экономист ғалымдарымыз ауыл шаруашылығы нарығының аса күрделі әрі өзгеше жақтарын, әрі нарық механизмінің өзі ауыл шаруашылығының ерекшеліктеріне байланысты толық жетілмегенін және бұл салада қарама – қайшылықтың көп екенін дәлелдеді.



# Зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттері

**Ғылыми жобаның негізгі мақсаты** – нарықтық экономика жағдайында әртүрлі нысандағы күріш шаруашылықтарында өнімді өндіруге кеткен өндірістік шығындарды есепке алу болып табылады.

**Көрсетілген мақсатқа жету үшін зерттеу барысында төмендегідей міндеттер қойылды:**

- **нарықтық қатынастар жағдайында күріш шаруашылықтарының қазіргі ахуалын талдау және оның дамуын зерттеп қорытындылау;**
- **күріш өндірісінің салалық және технологиялық ерекшеліктерін қарастырып, оның өнім өндірісіне кеткен шығындар есебін ұйымдастыруға әсерін анықтау;**
- **күріш өнімін өндіруге кеткен өндірістік шығындар жіктемесі мен құрамын қарап, жетілдіру жолдарын ұсыну.**



# Ғылыми-зерттеу жұмысының жаңалығы

Ғылыми ізденістердің нәтижесінде төмендегідей маңызды шаралар іске асырылды:

- күріш өндірісінің технологиялық ерекшеліктеріне сәйкес бухгалтерлік есеп жүйесін жетілдірудің жолдары анықталды;
- аймақ деңгейінде күрішті суаруға және астық қырманна кеткен шығындар есебін ұйымдастыру бойынша олардың құжатталуын, қашыртқы судың есепке алынуы жөнінде жаңа ұсыныстар енгізіліп, осы салаға тән өзіндік құнды есептеу әдістемесі жасалды;
- бұл саладағы кәсіпорынның шаруашылық қызметін басқаруды тиімді түрде ұйымдастыру, өнім өндірісіне кеткен шығындарды анықтау, еңбек өнімділігін жоғарылатуға арналған жағдайларды жасау мен өнімнің өзіндік құнын төмендету ұсынылды.





# **Нарықтық экономика жағдайындағы күріш өндірісінің дамуы және оның есебін ұйымдастыру ерекшеліктері**

## **1.1 Күріш өндірісінің технологиялық ерекшеліктері мен өнім өндірісінің есебі**

# Күріш өндіру технологиясы

Ауыл шаруашылығы өндірісінің, оның ішінде астық өндірісінің негізгі ерекшелігі жерді басты және ауыстырмайтын өндіріс құралы ретінде пайдалануы және оны табиғи экономикалық – жағдайға тәуелділігі болып табылады. Күріш дақылдарының өнімділігі алдымен тұқым себілетін жердің сапалығына байланысты. өнімділікті жоғарылату мақсатында топырақтың құнарлылығын арттыру шаралары жүргізіледі, өндіріске жаңа технологиялар енгізіледі. Осыған байланысты оны өңдеуге, тыңайтуға, мелиорациялауға кеткен шығындар есебін ұйымдастыру және жүргізілген жұмыстар мен дақылдар өндірісінің тиімділігін анықтау қажеттілігі пайда болды. Астық шаруашылығының биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес олардың әрқайсысынан осы салаға қажетті бірнеше өнім түрлері алынады. Ал, осы жерде өндіріс шығындарын өнімнің түрлеріне қарай межелеу ісі бухгалтерлік есептің міндетіне кіреді. Ауыл шаруашылығы саласында жұмыс кезеңі мен өндіріс уақыты бір – біріне өзара сәйкес келе бермейді және осыған орай ол маусымдық сипат алады..

Биологиялық ерекшеліктеріне байланысты астық дақылдарынан өнімнің бірнеше түрлері алынады: дән, қалдық және сабан. Дән мен қалдықтар арасындағы шығындар әдістемеге сәйкес толыққанды дәнге қайта есептелген массасына қайта бөлінеді. Әдістемеге сәйкес сабан есеп объектісі болып табылмайды. Сондықтан оның өзіндік құны нормативтік тәртіпке сәйкес анықталады. Сабанның өзіндік құнын анықтаудың нормативтік тәртібі тәжірибеде тиісті нормативтік базаның жоқтығына байланысты өз дәрежесінде анықталмайды. Өндіріс көлемін ұлғайтумен байланысты, астық дақылдарын егуді ұйымдастыру мен оның технологиясындағы өзгерістер есепті жетілдіру мәселесін алға тартады. Өз кезегінде, өнімнің өзіндік құнын есептеу мен шығындар есебінің әдістемесін жетілдіруде аймақтағы табиғи – экономикалық жағдай мен өндіріс ерекшелігін толық білуге және оны орынды пайдалануға сүйену керек. Біздің зерттеуіміз бойынша осы нақтыланған міндеттерді жүзеге асыруда күріш өндірісінің технологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, бухгалтерлік есепті жетілдіру жолдары анықталды.



**Қызылорда облысындағы  
күріш шаруашылығының  
қазіргі жағдайы**

Соңғы жылдары облысымызда күріш егісі көлемі 75-77 мың гектарға жетіп, елімізде өндірілетін күріш өнімінің 85 пайызын өндіруге қол жеткізді. Еліміз бойынша алынған өнім мөлшері күріш жармасына деген ішкі сұранысты толық қамтамасыз етіп отыр. Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі саласы болып табылатын, ауыл халқының басты табыс көзі болып отырған күріш шаруашылығын дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бұл бағытта егіншілік мәдениетін көтеріп, жаңа инновациялық технологияларды дайындап, өндіріске енгізу және күріш шаруашылығы саласындағы әлемдік жетістіктерді трансферттеу арқылы еңбек өнімділігін ұдайы арттырып отыру қажет. Күріш дақылының, оның перспективті жаңа сорттарының өнімділік әлеуетін толық пайдаланып, экспортқа бағытталған, бәсекеге қабілетті сапалы өнім өндіру, алынған негізгі және қосалқы өнімдерді терең өңдеу арқылы пайдалану, қалдықсыз технологияға қол жеткізу өңір халқының тұрмыс-тіршілігін, әл-ауқатын, әлеуметтік жағдайын жақсартатыны айдан анық

# *Күріш түрлері*

- Сигало,
- Маржан,
- Узфос-59,
- Солненьй,
- Дубровский,
- Альтаир,
- Изумрудный,
- Краснодарский-42,
- Алакөл,
- Үштөбе,
- Алтынай.
- Лиманы,
- Авангард,
- Краснадор,
- Кубан




# Қызылорда облысындағы 2014-2016 жылдардағы күріш өндірісі

Көрсеткіштер	Жылдар			2016 жылды 2014 жылмен салыстырғанда	
	2014	2015	2016	+,-	%
Облыс бойынша барлық егіс көлемі, мың га	156,2	160,9	160,7	+4,5	103
оның ішінде: күріш егісі, мың га	71,5	77,4	77,4	+5,9	108
Күріштен алынған өнімі, мың ц	257,5	362,6	369,2	+111,7	143
Күріштің орташа өнімділігі, ц/га	36,0	46,8	47,8	+11,8	133

*Күріш шаруашылығын  
суаруға кеткен шығындар  
есебі*





Күріш шаруашылықтарында өндірістік шығындардың ішінде күрішті суаруға кеткен шығындар есебі маңызды орын алады. Осыған орай күріштен мол өнім алу үшін оның өсіп - өнуі кезеңінде күріштің суару нормасын бақылап отыру керек, яғни кезеңге орай суарудың есебін жүргізіп отыру қажет. Еліміздегі күріш және тағы басқа ауыл шаруашылығы дақылдарын суаруға қажетті су шығындарын есептеудің қазіргі қолданылып жүрген тәжірибесі бүгінгі күн талаптарына сәйкес емес. Қазіргі таңда судың дұрыс және қатаң есебін жүргізбей, күріш аймақтарында егістік жерді суаруға арналған судың ұтымды түрде қолданылуы мүмкін емес. Қызылорда облысы шаруашылықтарында күрішті суарумен байланысты шығындар – оларды өндіру шығындары құрылымында біршама салмақты үлес алып отыр. Олар күрішті өсірудің барлық өндірістік шығындарының 10 – 15 %-і құрайды. Суаруға арналған барлық шығындардың жартысына жуығы – жалпы суару шығындарының үлесіне тиеді.

**Күріш шаруашылықтарының әрбір бригадасында суару шығынының есебін ашу керек. Ол «Негізгі өндіріс» атты 8110 – шоттың «Өсімдік шаруашылығы» деген 1-аралық шотының ішінен ауыл шаруашылығы өнімі бойынша «Суару бойынша шығындар» деген талдамалы шотта, төмендегі баптар бойынша жүргізілуі қажет:**

- **пайдаланылған судың құны .**
- **еңбек ақыға кеткен шығындар.**
- **еңбек ақыдан аударылымдар.**
- **экологиялық шығындар.**
- **жұмыстар мен қызметтер.**
- **үстеме шығындар**

Жалпы қабылданған шығындар жіктемесі және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар, яғни ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының экологиялық табиғатты қорғау қызметімен байланысқан шығындар сияқты аса маңызды проблемалардың бірі ескерілмей қалғандығын көрсетеді. Мұндай шығындардың есебі күні бүгінге дейін толығымен шешілмеген сұрақ күйінде қалып отыр. Арнайы ақпарат көздерінің мәліметтері бойынша, кейбір кәсіпорындардың табиғатты қорғау қызметіне кететін шығындары бірнеше миллион теңгені құрап және өзіндік құнның 7 – 10%-ға дейінгі үлесін алып отыр, ол өз кезегінде көп жағдайда тікелей салымшаларға ешқандай да қомақты қаржылық қайтарым әкелмейді.

Табиғатты қорғау қызметі шығындарының есебін жүргізу қажеттілігі, қоршаған ортаның ластануының шаруашылыққа келтірілген залалды есептеуге негізделген. Шығындарды дұрыс есептеу – қоршаған ортаның ластануын болдырмаудың қажетті іс - әрекеті болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ауыл шаруашылығы кәсіпорынына бағытталған табиғатты қорғау шараларына қажетті шығындарды есепке алу үшін жекеше синтетикалық шот ашу қажет.

Бір кәсіпорындарда табиғатты қорғау шығындары «Басқа да дебиторлық қарыздар» 1280-шотта, ал басқаларында «Жалпы және әкімшілік шығындар» атты 7210-шотта ескеріледі. Ауыл шаруашылығы өнімін өсіру мақсатында оны әрі қарай өңдеу үшін өндіріс технологиясының экологиялылығы қажет. Сондықтан да «Экологиялық шығындар» атты шотты ашу керек.



**1.2 Күріш  
шаруашылығының  
халықаралық тәжірибесі**

## 2015 жылғы егіс көлемі мен күріш өнімділігі


Мемлекеттер	Егіс алқабы, млн га	Өнімділігі, ц/га
Индия	44,6	30
Китай	30,5	62
Индонезия	11,5	44
Бангладеш	10,5	29
Таиланд	10,0	23
Вьетнам	7,6	42
Мьянма	6,0	33
Филиппины	3,9	32
Бразилия	3,6	30
Япония	1,8	65
Дүние жүзі бойынша	<b>153,5</b>	<b>39</b>

# Қытайда күріш шаруашылығының дамуы

Дүние жүзіндегі күріштің ең көп өндірілетін аймағы – Қытай. Жыл сайын Қытайда күріштің дүние жүзілік өндірісінің 31-35%-ы өсіріледі. Өндірістің кемуіне, күріш егіс көлемінің азаюына қарамастан, Қытай күріш өндіруден сөзсіз лидер болып қала береді.


# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ШЫҒАРЫЛЫМЫ

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы  
сәйкес жылдардағы қолданыстағы бағаларда, млрд. теңге




# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТҮСІМІ

Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімі ц/га.





# 1995-2011 жылдардағы Қазақстан Республикасының экспорты және импорты



1.3 “Ақжарма-Жер”  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігінде күріш өндірісі  
шығындарын төмендету  
шаралары

# «Ақжарма – Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің техника – экономикалық көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	Жылдар			2016 жылды 2014 жылмен салыстырғанда +;-
		2014	2015	2016	
1	Өнімді өткізуден(қызмет көрсетуден) түскен түсім, мың тг	116 908	142 354	111 171	-31 183
2	Өткізілген өнімнің өзіндік құны, мың тг	157 109	130 623	102 167	-28 456
3	Жалпы табыс, мың тг	-34 201	11 731	9 004	-2 727
4	Дебиторлық қарыз, мың тг	48 035	94 143	68 109	-26 034
5	Кредиторлық қарыз, мың тг	83 698	318 869	128 720	-189 649
6	Негізгі құралдар құны, мың тг	7 692	183 573	32 182	-151 391
7	Еңбек ресурсы, адам	75	73	80	+7,
8	Қор қайтарымдылығы, теңге	15,19	0,77	3,45	+2,68
9	Қор сыйымдылығы, теңге	0,06	1,29	0,29	-1,0
10	Еңбек ақы қоры, мың тг	24 427,8	27 169,14	31 795,2	+4 626,06
11	Айлық орташа жалақы, теңге	27 142	31 015	33 120	+2 105
12	Еңбек өнімділігі, мың теңге	1 558,77	11 950,00	1 389,64	-560,36
13	Пайда, мың теңге	-35 317	11 850	6 210	5 640,0
14	Рентабельділік, %	—	9,0	6,0	-3,0

## «Ақжарма – Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде күріш шаруашылығы өнімдеріне жұмсалған шығындар түрлері

№	Көрсеткіштер	2015 жыл		2016 жыл	
	Шығын түрлерінің атауы	сомасы, мың тг	үлесі, %	сомасы, мың тг	үлесі, %
1	Тұқымдық және көшеттік материалдар	15143,7	11	21943,2	17,2
2	Минералдық тыңайтқыштар	11839,6	8,6	12885,3	10,1
3	Жанар - жағар май	24780,6	18	17988,3	14,1
4	Электр қуаты	275,34	0,2	127,6	0,1
5	Суға жұмсалған шығындар	20650,5	<b>15,0</b>	25260,2	<b>19,8</b>
6	Қосалқы бөлшектер, жөндеу және құрылыс материалдары	9224,0	6,7	8420,1	6,6
7	Басқа ұйымдардың атқарған жұмыстары мен қызметтеріне ақы төлеу	3304,1	2,4	3699,7	2,9
8	Еңбек ақы төлеу (зағтай нысандағы төлемдерді қоса)	41301,0	30	34190,6	26,8
9	Негізгі құрал-жабдықтарды ұстауға жұмсалған шығындар	826,0	0,6	11482,0	0,9
10	Өзге де шығындар	10325,2	7,5	1914,0	1,5
11	Барлық шығындардан тқураған егістіктер бойынша шығындар	0	-	0	-
Барлық шығындар		137670	100	127577	100

# 1 га күріш егісіне шығындар калькуляциясы

№	Шығын түрлерінің атауы	2011 жыл	2012 жыл
1	Тұқымдық және көшеттік материалдар	8413,2	12190,7
2	Минералдық тыңайтқыштар	6578,0	7158,5
3	Жанар - жағар май	13767,0	9993,5
4	Электр қуаты	153,0	70,9
5	Суға жұмсалған шығындар	11472,5	14033,4
6	Қосалқы бөлшектер, жөндеу және құрылыс материалдары	5124,0	4678,0
7	Басқа ұйымдардың атқарған жұмыстары мен қызметтеріне ақы төлеу	1835,6	2055,4
8	Еңбек ақы төлеу (заттай нысандағы төлемдерді қоса)	22945,0	18994,8
9	Негізгі құрал-жабдықтарды ұстауға жұмсалған шығындар	459,0	637,9
10	Өзге де шығындар	5736,0	1063,3
11	Барлық шығындардан құраған егістіктер бойынша шығындар	0	0
Барлық шығындар		76483,3	70876,4

# Ауылшаруашылық кәсіпорындарында күріш өндірісі мен қолданылуы, ц

Көрсеткіштер	2011	2012
Қызылорда облысы бойынша барлық өндірілгені	1782264,9	2174565,5
Оның ішінде Акжарма-жер	51340,0	54496
Қызылорда облысы бойынша барлық сатылғаны	994805	1388125
Оның ішінде Акжарма-жер	41124,0	27496
Қызылорда облысы бойынша барлық мал мен құсқа жұмсалғаны	3535,9	42756
Оның ішінде Акжарма-жер	-	-
Қызылорда облысы бойынша тұқымға жұмсалғаны	76346	117243,3
Оның ішінде Акжарма-жер	14516,0	27000
Қызылорда облысы бойынша нысанды төлем түрінде жұмысшыларға берілгені	8095	31425
Оның ішінде Акжарма-жер	-	-
Қызылорда облысы бойынша басқа қажеттілікке жұмсалғаны	41653,1	91436
Оның ішінде Акжарма-жер	4188,0	-
Қызылорда облысы бойынша шаруашылық есебінен сақтаудан жылдық жоғалтулар, арлығы	76	573

# Кәсіпорынның шығындарды төмендету мақсатында жүргізілетін іс – шаралары

Шаруашылық өз өндірісіне жұмсалған шығындарды төмендету мақсатында нақты іс-шараларды қарастырады:

- шаруашылықта жем-шөп қорының базасын жандандыру мақсатында шабындық жер көлемін ұлғайту және сол жерлерге агротехникалық жұмыстарды жүргізу;
  - өнім өндіруге жұмсалған шығындарды есепке алу және бақылау;
- кәсіпорында қалыптасқан цехтардың жұмысын жандандыру;
- өнім өндіру мен оны өңдеу процесін жеделдету, бұл өзінің өніміне сату бағасын төмендету мүмкіндігімен бәсекелестігін едәуір жоғарлауына және сату көлемін көбейтілуіне мүмкіндік туғызады.



# Қорытынды

Ғылыми жұмыс барысында зерттеу объектісі ретінде “Ақжарма-Жер” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, оның өндіретін күріш көлемі мен оған кеткен шығындары қарастырылды. Соның нәтижесінде мынадай қорытындылар мен ұсыныстар жасалды:

- 1) Өндіріс көлемін ұлғайтумен байланысты күріш дақылдарын егуді ұйымдастыру мен оның технологиясындағы өзгерістерді жетілдіру мәселесін алға тартады. Өз кезегіндегі өнімнің өзіндік құнын есептеу мен шығындар есебінің әдістемесін жетілдіруде табиғи экономикалық жағдай мен өндіріс ерекшелігін толық білуге және пайдалануға сүйену керек.
- 2) Күріш егу шаруашылықтарындағы күрішті және басқа да ауыл шаруашылығы дақылын суаруға кететін су шығынын есептеудің тәжірибесі бүгінгі күн талаптарына сай келмейді. Көзқарас салдарынан Арал теңізі аймағындағы экологиялық дағдарыс туындады. Осыған байланысты, күріш шаруашылықтарында суды үнемді пайдалану мақсатында “судың есебін жүргізуді” ұсынамыз. Біздің елімізде суармалы егіншіліктің құнды дақылы күріш өнімін өндіру негізінде егістік жерді дайындау, тыңайтқыштар себу, өнімді күтіп – баптау, суару, жинау, қырманға келі, өңдеу, өткізу жұмыстары терең зерттеуді қажет етеді. Күріш шаруашылығында күрішті суарудан қашыртылған су мен күрішті тазарту кезіндегі қалдықтар қоршаған ортаның ластануына әкеліп, күрішті суарудан қашыртылған су қайтадан каналға жіберіліп, пайдаланатын судың сапасын төмендетеді.
- 3) Экономиканың қай саласында болмасын шаруашылық субъектілері мен еңбек ұжымдары шикізат пен материалдарды ұқыпты жұмсауға, өндіріс қалдықтарын азайтуға, ысырапты жоюға, өзінің өндіріп шығаратын өнімін халықаралық рыноктағы бәсекелестікке жарамды етіп шығаруға, өндірісті ұлғайтуға, өндіретін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және де қоршаған ортаны сақтауда оған зиян келтірмеуге мүдделі. Бұл орайда шаруашылық субъектілерінің материалдық құндылықтарын, басқа да ресурстарын тиімсіз жұмсауға қарсы күресте экологиялық есепті жүргізудің қажет екенін айрықша атап өтуге болады.



**Көңіл бөліп  
тыңдағандарыңызға  
көп рахмет!!!**